

## **Қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар.**

Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын және Банктің интернет-ресурсында орналасқан тұрғын үй құрылыс жинақ шартының Жалпы талаптарына қосылған Банк салымшылары Бағдарламаға қатысушы атана алады.

Бағдарлама қатысушыларына тұрғылықты жері бойынша Астана қ. тіркеуде болу талабы қойылмайды.

Бағдарламаға қатысушыларға мынадай талаптар қойылады:

1) Бағдарламаға қатысушының және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің (жұбайының, кәмелет жасына жетпеген балаларының), сондай-ақ өтініште көрсетілген отбасы құрамына кіргізілген өзге де отбасы мүшелерінің:

- әрбір отбасы мүшесіне ауданы 15 шаршы метрден аз болатын жатақханадағы бөлменінболуын;

- осы тұрғын үйдің орналасқан жері бойынша ЖАО-ның тиісті анықтамасымен расталатын құлайын деп тұрған апатты жағдайдағы балшықтан құйылған және қаңқалы-қамысты тұрғын үйді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында жеке меншік үйінің немесе кейіннен сатып алу құқығымен жалға алынған тұрғын үйінің жоқтығы (ортақ бірлескен меншігі, осы тармақта көрсетілген өзге отбасы мүшелерімен тұрғын үй бірлігі ретінде жалпы ортақ (үлестік) меншік құрайтын үлестік меншіктегі үлесі).

2) Бағдарламаға қатысушыда және онымен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелерінің (жұбайының (зайыбының), кәмелетке толмаған балаларының), сондай-ақ отбасы құрамына енгізілген және өтініште көрсетілген отбасының басқа мүшелерінің Қазақстан Республикасының аумағында соңғы 5 жыл ішінде тұрғын үйді ауыстыру немесе өзіне меншік құқығында тиесілі тұрғын үйді иеліктен шығару арқылы тұрғын үй жағдайларын әдейі нашарлатуы фактілерінің болмауы;

Жоба аясында кейінгі сатып алумен тұрғын үйді жалға алуға жол берілмейді.